

- Соңғысын олардың мүмкіндігіне, мәніне, іс жүзіндегі нәтижелілігіне қарай, олардың орындалу кезегі бойынша пікір қалыптастыра отырып, бағалауға мүмкіндік береді. Сөйте тұра ол саясаткерлерді мемлекеттік қызметті дәл осы күндері қалыптасқан нақты жағдайдың ерекшеліктерімен шығармашылық үйлестіруге және оның түрлі бағыттарына дер кезінде өзгертулер енгізудің қажеттігіне бағыттайды.

Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасының функцияларын дамыту тенденцияларының мынадай жолдары іске асуы мүмкін:

1. функциялардың мазмұны мен шеңберін кеңейту, бұлардың көбісінің мемлекеттік ішкі мәніне ұласуы;
2. бұрынғы кеңестік мемлекеттілік сатысына қарағанда барлық функциялардың мазмұнының іс жүзінде түпкілікті өзгеруі;
3. мемлекеттің функцияларында жалпыәлеуметтік, жалпыдемократиялық, гуманистік (адамгершілік) мәні бар бағыттардың көбеюі;
4. мемлекет өзінің «қоғам мен тұлға құлы» делінетін жаңа рөлін меңгеруі;
5. мемлекет функцияларының мақсатты бағыттарының өзара байланыстылығы, үйлесімділігі және бірыңғайлылығы;
6. жалпы дүниежүзілік жүйенің елдің ішіндегі және дүниежүзілік аренадағы мемлекеттік қызметке тигізетін ықпалы;
7. қоғам ісін басқаруда мемлекеттің функционалдық рөлінің артуы [6, 19].

Қорыта айтқанда, осы ғылыми еңбегіміздің нәтижелері мемлекеттің функциясы мен мәнін оны себептік қатынастарымен байланыстыра отырып, кейбір аралық факторлармен, атап айтқанда дамудың белгілі бір кезеңінде мемлекеттің алдында тұрған міндеттермен жанама байланыстыра түседі. Мемлекеттің міндеті неғұрлым динамикалық фактор, демек мәніне қарағанда анағұрлым өзгермелі. Мемлекеттің экономика, әлеуметтік және рухани қатынастар саласындағы, қылмыспен және құқық бұзушылықпен күресте, сыртқы саясаттағы нақты міндеттерінің жиі өзгеруі мемлекеттің қызметтің тиісті түрлерінің ауқымы мен қарқынына, олардың арақатынасының пропорциясына ықпал етеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Баймаханов М.Д. «Нормативно-правовой механизм осуществления функции государства» // Информационная эпоха: общество, экономика, культура, право. Материалы междунаучно-теор. конференции. - Алматы 23 мая 2002. - С.4-8
- 2 Каск Л.И. Функции и структура государства. - Л., 1969. - 158 с
- 3 Сұлтанәлі Г. Әлемдік саясат аясындағы ұлттық мүдделер // Саясат. – 2004.- №3. -Б.55.
- 4 Шестаев Н.Т. Функции и структура государства. - М.,2002. - 234 с.
- 5 Мухамедов М.Б. Қазақстан әлемдік қауымдастықта - Алматы, 2000.- 256 б.
- 6 Абдулпаттаев С. Интеграциялық саясат // Ақиқат. – 2003. - № 6.- Б.45

### ҚАЗАҚСТАН ПАРЛАМЕНТАРИЗМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ XII ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСТІҢ РӨЛІ

*Отарбаева А.Т., заң факультетінің докторанты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының саяси тарихында XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің ролі ерекше. Жоғарғы Кеңестің сайлауы 1990 жылдың наурыз айында өткізілді. Әкімшілік-командалық жүйенің ықпалы әлі де болса сақталып отырған жағдайда алғаш рет жоғарғы өкілді орган кең демократиялық негізде сайланды. Сайлау алдындағы күресте 360 депутаттық мандат үшін 2 мыңнан аса үміткер қатысты. 270 аумақтық округтің басым көпшілігінде сайлау баламалы негізде жүргізілді, бәсекелестік деңгейі жоғары болды.

XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңеске қатысты алғашқы сөзі жиі қолданылады. Алғаш рет 90 депутат қоғамдық ұйымдармен сайланды, нәтижесінде сол кезеңдегі қоғамдық-саяси топтар өз өкілеттілігін іске асыра алды. Бүкілхалықтық ерік білдіру нәтижесінде сексен бес пайыздан аса депутат алғаш рет сайланды. Алғаш рет ғылыми-шығармашылық зайырлы қауым өкілдерінің кең көлемі қамтылды. Жоғарғы Кеңес алғаш рет тұрақты негізде жұмыс істей бастады.

Сайлануы ел өмірінің ауыртпалығы мол, аумалы-төкпелі тұсына сай келген Жоғарғы Кеңес жұмыс барысында кәсіби парламент элементтері белсенді пайдаланылған заңшығармашылық

орган ретінде көрінді. Жоғарғы Кеңестің табысты жұмысының алғышарттарының бірі ретінде оның жұмысына 24 қоғамдық ұйымнан сайланған депутаттардың қатысуын атауға болады.

Жоғарғы Кеңестің тұрақты негізде жұмыс істейтін 14 комитеті құрылып, олар Қазақстанның жаңаруына негіз болатын түбегейлі құқықтық құжаттарды дайындап, қабылдау әрекетіне кірісті.

XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің жұмыс істеуі барысында XX ғасырдың 90 жылдары жүргізілген реформаларды заңнамалық қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар маңызды құқықтық актілер қабылданды.

Олардың маңыздыларына тарихи экскурс жасасақ, алдымен айтылатыны - 1990 жылғы 24 сәуірдегі «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ ССР-нің заңы. Онда президентті сайлаудың екі жолы ұсынылды: бірі – ҚазССР-нің Президенті ҚазССР-нің азаматтарымен тікелей, бүкілхалықтық сайлауда 5 жылға сайланды. Президент сайлауы сайлаушылардың кем дегенде 50 пайызы қатысқанда шынайы болып есептелді; екіншісі - ҚазССР-нің Президенті ҚазССР-нің Парламентімен 6 жыл мерзімге сайланды. ҚазССР-і Президенті лауазымына кандидатураны республикандық органдар арқылы қоғамдық ұйымдар, кем дегенде 90 адамнан тұратын халық депутаттарының топтары ұсына алды. ҚазССР-нің халық депутаттарының жалпы санының жартысынан көбінің дауысын жинаған кандидат сайланған болып есептелді [1]. Заңға сәйкес Жоғарғы Кеңес депутаттарының қолдауына ие болған Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның тұңғыш Президенті болып сайланды.

XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңеспен қабылданған аса маңызды құжаттардың бірі «Қазақ ССР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларациясы 1990 жылдың 25 қазанында қабылданды. Онда алғаш рет аумақтың бөлінбейтіндігі және ажырамастығы бекітілді, ел халықаралық құқықтың субъектісі ретінде анықталды, азаматтық институты енгізілді, меншік нысандарының теңдігі бекітілді. Қайта құру үрдісінің нәтижесінде күрделі өзгерістерге ұшыраған кеңестік билік ел тарихында алғаш рет биліктің бөліну қағидасын жариялауға жол берді. Декларацияның 7 бабында «Республикада мемлекеттік өкімет билігі оны заңшығару, атқару және сот билігіне бөлу принципі бойынша жүзеге асырылады. Заңшығару билігін Қазақ ССР Жоғарғы Советі жүзеге асырады. Президент Республиканың басшысы болып табылады және онда ең жоғары өкімшілік-атқару билік болады. Ең жоғары сот билігін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жүргізеді» - деп көрсетілген [2].

Посткеңестік мемлекеттер тарихында 1990-1991 жылдардың күрделі саяси-экономикалық мәселелерді шешу жылдары ретінде орныққаны белгілі. КСРО-ның тарауы ел тәуелсіздігін жариялау, қалыптасқан шекараларды бекіту тәрізді кезек күттірмес мәселелерді алға тартты. Осындай қауырт кезеңде әрекет еткен Жоғарғы Кеңес өзінің елде жүзеге асырылып жатқан саяси-экономикалық өзгерістерді, мемлекет егеменділігі мен тәуелсіздігін, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қажетті құқықтық негіз қалыптастыра алу қабілеттілігімен танылды.

Осындай тұғырнамалық құқықтық акт ретінде 1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңын атауға болады. Конституциялық заңда ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған және күрескен мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды. Конституциялық заңның 9 бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өкімет билігі бұл биліктің заңдық, атқарушы және сот билігі болып бөлінуі принципін басшылыққа ала отырып құрылады және жүзеге асырылады. Республика халқы атынан сөйлеу хұқы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен Президентіне беріледі» - деп көрсетілген. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына маңызды үлес қосқан заң нормаларына сүйенсек, «Заңшығару билігін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының басшысы және оның атқарушы өкіметі Президент болып табылады. Сот билігін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Жоғары Арбитраждық Соты атқарады. Конституцияны сот арқылы қорғайтын жоғары орган Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты болып табылады» [3].

Жалпы XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес жұмыс барысында 250-ден астам заң және 500-ден астам қаулы қабылдады. Олардың көпшілігі тәуелсіз мемлекеттің – Қазақстан Республикасының заңы ретінде қабылданды.

Қабылданған өзгерістер мен толықтырулар ішінде 1978 жылы 20 сәуірде қабылданған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістердің өзі бір төбе. Бас аяғы соңғы Кеңестік конституцияға тоғыз мәрте өзгеріс енгізілді. Оның ішінде президенттік өкімет билігі институтын нығайту мақсатында енгізілген өзгерістерді, коммунистік партия және

басқа да қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар туралы бүтіндей өзгеріске ұшыраған 6-шы бапты атаған жөн.

Конституцияға енгізілген өзгерістер тәуелсіз Қазақстанның мемлекет ретінде орнығуына негіз болды. Сонымен бірге, Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясы жамалған құрақ корпедей сан алуан өзгерістерге ұшырады. Бұл өз алдына тәуелсіз мемлекеттің жаңа конституциясын қабылдауды талап етті. Мәселеге толық баға беру үшін сол кезеңдегі көзқарастарға тоқталайық.

XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес төрағасы С.Ә.Әбділдиннің пікірінше, негізгі заңдағы «жамаулар» оның беделін түсірді. Жоғарғы Кеңестің еш сессиясы Конституцияға өзгерістер енгізусіз өтпейтін еді. Жаңа Негізгі заң құзыреті, мазмұны және құрылымы бойынша түбегейлі өзгеше болуға тиісті еді [4].

1978 жылғы Конституция 1992 жылдары бастапқы күйінен мүлде өзгеріп, мазмұны бойынша мәндік өзгерістерге ұшырады. Дегенмен де, онда кеңестік құқықтық жүйенің элементтері сақталынып қалды, бұл өз алдына еліміздегі демократиялық институттардың дамуына кедергі келтірді. Бұл өз алдына тәуелсіз мемлекеттің Конституциясын қабылдауға мұрындық болды.

XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес қабылдаған маңызды құқықтық құжаттардың бірі 1993 жылғы Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы болып табылады. Аталған конституция Қазақстанның кеңестік дәуірдегі құқықтық жүйесінің соңғы нүктесін қойған және жаңа мемлекеттің құқықтық механизмін қалыптастыруға негіз болған құжат.

1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған посткеңестік Қазақстанның Конституциясы республиканың егеменділігі қалыптасуын де-юре бекітіп, шынайы конституционализмнің негізін қалады. Елімізде демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптастырудың сапалы жаңа кезеңіне өту бастамасы қаланды.

Қазақстан Республикасы президентінің «Қазақстандық жол» атты еңбегінде көрсетілгендей: «1993 жылдың жағдайында қабылданған Конституция, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар жүргізуге қарсы болған бір бөлігі мен Қазақ КСР-нің демократиялық өркениетті мемлекетке айналуы қажеттігін және оның болмай қоймайтындығын түсінген екінші бір бөлігінің арасындағы ымыраның көрінісі болды. Конституция реформаны іске асыру жолындағы алғашқы және аса қажетті қадамдарды жасауға мүмкіндік берді» [5, 59].

Алғашқы конституцияны талқылау қызу талас – тартыс, саяси дау жағдайында өтіп қабылданды. Конституция 4 негізгі бөлімнен және өтпелі ережелер бөлімінен құралды.

Формальды тұрғыдан конституцияның құрылымы замануи конституционализм тәжірибесіне сәйкес келді. Оның бөлімдерінде конституциялық құрылым негізі, азамат құқықтары мен бостандықтары, қоғам құрылымының негіздері, мемлекеттік институттар, конституцияны сақтау кепілдіктері кезектілікпен қарастырылды.

1993 жылғы конституция атқарушы билік тармағын күшейтіп, оның қоғамдағы өзгерістерге жедел әсер ету қабілеттілігін және экономикалық үдерістерді басқару қабілеттілігін күшейтті. Сондай – ақ, жаңа президенттік басқару нысаны мен ескі кеңестік жүйе арасындағы қайшылықтарды барынша жоюға тырысты.

Конституция бір партиялық саяси жүйеден, экономикалық жүйедегі мемлекеттің монополиясынан, мемлекеттік авторитаризм идеологиясынан бас тартып, қазақстандық қоғамның жағымды даму динамикасына кең жол ашты, яғни нарықтық экономикаға заңдық қадам жасады.

Конституцияның преамбуласында қазақ мемлекеттілігінің мызғымастығы туралы ой пайда болды. Қазақстан Республикасы өзін-өзі анықтаушы қазақ ұлтының мемлекеттілігі ретінде танылды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде анықталды. Қазақстан демократиялық, зайырлы және біртұтас мемлекет және билік қайнар көзі халық деп бекітілді. Кеңестік дәуірдегі коммунистік идеологияның үстемдігінен қиыншылық көргендіктен, еш идеология мемлекеттік деп танылмайды. Сонымен бірге, мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуі, олардың арасындағы өзара тежеу және қарсы салмақ көрсету жүйесінің болуы жарияланады.

Конституцияның тікелей әрекет етуі оның басты жаңашылдықтарының біреуі ретінде танылады. Адам құқықтары мен бостандықтары туралы халықаралық құқықтық актілер Қазақстанмен танылған жағдайда ішкі заңнамадан басымдылыққа ие болады.

1993 жылы қабылданған Конституция жаңашылдықтарының бірі ретінде саяси партиялардың болуы туралы ережені айтуға болады. Дегенмен, саяси партиялардың құрылу және әрекет ету тәртібі нақтыланбады. Саяси партиялардың плюрализмін қалыптастыруға тиісті арнаулы заң қабылдануы қажеттілігі көрсетілгенімен, ол іске асырылмады.

Мемлекеттік институттарға арналған тарау конституционализмге посткеңестік көзқарасты қалыптастырды. Мемлекет халықтың ресми өкілі және оның еркін жүзеге асырушы ретінде

жарияланды. Мемлекеттің заңмен тағайындалған өкілеттіліктер көлемінде әрекет ететіндігі баса қарастырылды. 1993 жылғы Конституция бойынша Қазақстан парламенттік республика атанған. Мемлекеттік билік органдары басында Жоғарғы Кеңес тұрды. Дегенмен, Жоғарғы Кеңес парламенттік республикаға тән болатын құзыреттіліктерге, басымдылықтарға ие бола алмады. Нағыз парламенттік республикалар тәрізді Жоғарғы Кеңес сайлауда жеңіске жеткен партияның басым көпшілік даусымен Үкіметті қалыптастыра алмады, Министрлер кабинетінің құрылуына және таралуына ықпал ете алмады. Мемлекет басшысын тағайындауға да қатысы болмады [6, 20]. Конституция бойынша тәуелсіз сот органдары - Жоғарғы сот, Конституциялық сот және Жоғарғы арбитраждық сот құрылды.

Жоғарғы Кеңестің бақылау өкілеттілігі болғанында ескеру керек.

Жоғарғы Кеңестің ерекше басылымдылықтары ретінде конституцияны қабылдау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын атауға болады.

Бұл Конституцияның Жоғарғы Кеңеске берген өкілеттілігінің көлемі кең дей отыра, кейбір ішкі қайшылықтарды да атап өту қажет. Академик С.С.Сартаевтың көзқарасы бойынша, онда бір маңызды кемшілік болды: біз біртұтас мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлуді нақты анықтай алмадық және біздің президенттің өкілдігін, оның құқықтарын айқын нақтылай алмадық [7, 1].

Отандық заңдық ғылымның қалыптасуына зор үлес қосқан, XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің депутаты С.Зимановтың көзқарасы бойынша, Жоғарғы Кеңес Республиканың заң шығарушы және жоғарғы өкілді орган ретінде танылды. Ол кең көлемдегі өкілеттіліктерге ие болды, бұл мемлекеттік биліктің бөліну қағидасын жоққа шығарды. Сондай-ақ, Конституцияда өзара тежеу және қарсы салмақ көрсету жүйесі бекітілмеді дей отыра, бұл сұрақтарды жағымды шешу үшін объективті шарттар бар, ол ең алдымен жаңа, алғаш рет тұрақты негізде жұмыс істейтін Парламент деп, оған үлкен үміт артады [8].

XII-ші шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес екі дәуірдің тоғысында қалған еді. Ол қызметін Қазақ КСР-інің Жоғарғы Кеңесі ретінде бастап, Қазақстан Республикасының Парламенті санатында тәмамдады (1990 жылдың сәуірі – 1993 жылдың желтоқсаны). Алайда ол нағыз тарихи міндетті мойнына артты және алып шықты. Менің ойымша, оның айшықты бағасы әлі берілген жоқ. Десе де ол кезеңнің шындығын әділ шежірелеу келер ұрпақтың еншісінде – деп жазады депутат Исімбаева Г.И. [9, 2].

Мемлекеттік билік органдарын әрі қарай реформалау олардың өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға тиімді ықпал ете алмайтындығын көрсетті. XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің тұрақты негізде жұмыс істейтін кейбір органдары жұмысының нәтижесі тұрақты парламенттің қажеттілігін анықтады. Сол уақыттағы Қазақстандағы тиімсіз жұмыс істеген өзін-өзі тежеу және қарсы салмақ көрсету жүйесі Жоғарғы Кеңестің өз өкілеттілігінің көлемінен шығып, Үкіметтің әрекетіне араласуына негіз болды.

Бұған қоса, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында биліктің атқарушы және заңшығарушы тармақтарының өкілетіне қатысты өткір саяси пікірталастар болған. «Заңшығару органы болып табылатын Жоғарғы Кеңес үнемі жұмыс істемейтін жағдайда, депутаттар өз өкілеттіктерін жергілікті жерлердегі басшылық қызметтерімен қатар атқарып отырды. Жоғарғы Кеңестің мәжілістері жылына бірнеше рет қана өткізілді, ал тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы байсалды заңшығарушылық жұмысты іске асыра отырып, жүздеген жаңа заңдарды қабылдауды талап етті» [5, 59]. Тұрақты емес негізде жұмыс істейтін Жоғарғы Кеңес өз функцияларын жүзеге асыра алмады. Бұл, әрине, оның қол қусырып қарап отырғандығын білдірмесе керекті. Ұлттық құқықтық жүйенің негізін құраған құқықтық заңдар осы XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңеспен қабылданғандығы белгілі. Дегенмен Жоғарғы Кеңес Парламент бола алмады, Қазақстанда парламенттік республика құрылмады. Бұл конституциялық дағдарысқа және XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес пен халық депутаттары кеңесінің өзін-өзі таратуына әкелді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі өзін-өзі таратқанға дейін егеменді Қазақстанның бірінші Конституциясын қабылдап, өзінің тарихи миссиясын орындап үлгергенін мойындауымыз керек [5, 61].

Сол кезеңдегі және кейінгі кезеңнің аналитиктерімен қарастырылған XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің саяси өмірдегі өз орнын жоғалтып алып, таралуына негіз болған кейбір әлсіз тұстарына тоқтала кетсек: оған қарсылық көрсетуші топтар басты аргумент ретінде Кеңестің Одақта КОКП тізімі мен нұсқауына байланысты құрылғандығын алға тартты. Екінші мәндік кемшілік ретінде, Жоғарғы Кеңес жұмысының маусымдылығы айтылды. Үшінші аргумент оның кәсібилік деңгейінің төменділігіне және тұрақсыздығына сілтеді. Оның басқармалық және салалық

мүддені жақтауы, реформаларға қарсылық көрсетуі, заңдарды сапасына қарамастан ат үсті қабылдауы, қабылданған заңдардың орындалуын бақылау функциясының әлсіздігі, заң шығармашылықта басым бағыттарды ажырата білмеуі және қажетсінбеуі күннен күнге анық көзге түсе бастады. Әрекет етуші парламенттің кемшіліктері, оның әрекетінің барынша тиімді жетілген нысандарына ауысу қажеттілігі тіпті депутаттар топтарының арасында да биресми талқылаудың өзегіне айналды. Нәтижесінде өзін-өзі таратудың алдында, 1993 жылдың желтоқсанында тұрақты негізде комитеттерде жұмыс істейтін халық депутаттарынан тұратын «кіші» парламент құру мәселесі көтерілген еді [10, 24].

Қалай деген күнде де, XII-ші шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес өз қызметін кеңестік мемлекетте қайта құру саясаты үстемдік құрып тұрған кезеңде бастаған, тұңғыш рет демократиялық жолмен баламалы негізде сайланған, ел сенімін аркалаған депутаттардан құралған Парламент болатын. Саяси-экономикалық, әлеуметтік жүйелердің ауысуы кезеңінде әрекет еткен Жоғарғы Кеңес осындай аумалы-төкпелі кезеңде белгілі бір деңгейдегі қиыншылықтарды бастан өткізе отырып, елде жүзеге асырылып жатқан саяси-экономикалық өзгерістерді, мемлекет егеменділігі мен тәуелсіздігін, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қажетті құқықтық негіз қалыптастыра алу қабілеттілігімен танылды. XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес Қазақстан тәуелсіздігінің, елде парламентаризмнің қалыптасуының тұғырнамасын қалаған бірқатар маңызды саяси-құқықтық құжаттарды қабылдаудан көрінетін ерекше роль атқарды.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚазССР-ң заңы // Социалистік Қазақстан.– 1990. – 12 мамыр.
- 2 Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы // <http://adilet.zan.kz>
- 3 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР конституциялық заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz>
- 4 Әбділдин С.Ә. Қазақстан Парламенті Одақтан ордалы елге бет түзеп...– Алматы: Қазақстан, 1993. – 184 б.
- 5 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Астана, 2007. – 372 б.
- 6 Турецкий Н.Н. Законодательная ветвь власти Казахстана. – Алматы: Издательство «Норма-К», 2011. – 336 с.
- 7 Сартаев С.С. Три высоты Президента // Экспресс К. – 2006.– № 238 (16140). – 16 декабрь.
- 8 Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. – 252 с.
- 9 Исімбаева Г.И. Елбасы және ел мұраты // Ана тілі. – 2012. – 15 қараша.
- 10 Ахметова Н.С., Тушиев Р.М. История развития парламентаризма в Казахстане // Вестник КарГУ. – 2011. - № 1. – С. 22-26.

#### МЕМЛЕКЕТ ӨРКЕНИЕТ ПЕН МӘДЕНИЕТТІҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ

*Ахметова Н.С., з.ғ.к., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының профессоры  
Жапаров Ә.Н., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Мемлекеттің әр алуан анықтамалары өте көп, олардың барлығы төменде көрсетілген келесіні тұжырымдайды. Мемлекет – бұл қоғамнан бөлініп шыққан және әлеуметтік-экономикалық тұрмыспен, саяси өмірдің дәстүрлерімен, егеменді жария билікпен ерекшеленетін саяси ұйым. Қоғамның эмпирикалық (тәжірибелі) өнімі ретінде туындай отырып, мемлекет қоғаммен сәйкес келмейді және оған қатысты басқарушы жүйе болып табылады [1, 153]. Бұл жүйе өзіндік ішкі даму қисыны, нақты (мыңжылдықтар бойы қалыптасып келген) құрылымды ұйымы, құрылымды элементтерінің өзара әрекет етуінің ерекше механизмі болады. Осылайша, мемлекет – өзіндік мәні, мазмұны және нысаны бар ашық және өзіне-өзі жеткілікті жүйе. Жария биліктің аппараты қоғамды жеке мінез-құлықтарды орталықтандырылған үйлестірудің арнайы амал-шарттары арқылы басқаруды жүзеге асырады. Ол мінез-құлықтардың осындай шексіз мөлшеріне осы әлеуметтік ортамен талап етілетін бағдар беріп отырады. Кез-келген билік өз алдына саяси, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық сипаттағы мақсаттар қояды және олармен, кем дегенде,